

Диссидент Ержанов Еркебулан Даукенбаевичтің «Қазақ ырымдары ұлттық мәдени код ретінде» тақырыбындағы «8D03102 – Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

Е.Д. Ержановтың диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен ырымтыйымдарының тарихы тереңнен бастау алады. Ұрпақтан-ұрпаққа ұласып ұлағатты ұғымын жоймай жетуі, құндылығын сақтап қалуы, мазмұнының өзгертпей қаз-қалпында ғасырдан-ғасырға ауысып отыруы оның тәрбиелік мәнінде жатыр. Сондықтан қазақ ырым-тыйымдары ұлттың асыл мұрасы, алтын қазынасы екенін қайталап айту артық. Ол дәлелдеуді қажет етпейтін игі ақиқат. Атап айтқанда, қазақ мәдениеті тарихында ырымдар бір жақсылықтың немесе жаманшылықтың хабаршысы, адамды сақтандыратын белгі іспетті. Жалпы ырымдар мен тыйымдар кез-келген ұлт мәдениетінің басты маңызды бөлігі. Ал мәдени код бұл біздің өткеніміз бен бүгініміздің, болашағымыздың жалпы рухани сипатын көрсететін халық мұрасы, сондықтан қазақ ырымдарын мәдениетіміздің коды ретінде қарастыру жұмыстың өзектілігін арттыраres сөзсіз. Қазақ обал, сауап, ырым дәстүрін ежелден қастерлеген, сақтаған халық. Күнделікті тіршілікте «Уағда – сөзге қазық лебізбенен, бір сөзді екі қайта дегізбеген» деген қағиданы биік ұстаған халқымызды ырымдары мифтік санадан қалыптасқан көшпелі салты мен рәсімінің көрінісі.

Жұмыстың жоспарына сәйкес, ізденуші Ержанов Еркебұлан «Қазақ ырымдарын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты тарауда ұлттық мәдени кодты зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтай отырып, тақырыптың ұғымдық категорияларын талқылайды. Қазақ ырымдарының қалыптасуының тарихи-мәдени үрдістері айшықталынып, түркі әлеміндегі этномәдени ырымдарға салыстырмалы талдау жасалынады. Мәдени кодты мәдени даму динамикасында ырымды сипаттауға мүмкіндік беретін координаттар жүйесі, наным-сенімнен, тәжірибелік тұрғыдан және уақыт өте келе синтезделген өзіндік код ретінде қазіргі кезеңдегі толық танымдық болмысын қарастыру қажет деген тұжырымдар келтіреді. Ұлттық код – рухани болмыс кілті ретінде қарастырылып, қоғамда алатын орны анықталады. Код мәдениеттің негізгі сипаттамасы ретінде түсіндіріліп және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын басты құндылық ретінде бағаланады. Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі ретінде философиялық категориялар мен мәдениет философиясының, оның ішінде табиғат пен адам болмысындағы ырымдардың орны жұмыстың әдіснамалық негізі ретінде жалпы зерттеуді бір жүйеде, бір бағытта шоғырландырған. Сонымен қатар компаративистика, типтік талдау, тарихилық қағидасы, тарихилық пен логикалықтың өзара бірлігі жұмыстың әдістемелік негізін құрайды.

«Заманауи өркениеттік үдерістер аясындағы қазақ ырымдары» атты екінші тарауда қазақ ырымдарының мәдени-антропологиялық жіктемесі

жасалынып, заманауи мәдениеттегі қазақ ырымдарының тәрбиелік мәні, үлттық мәдени кодты қалыптастырудың ырымның рөлі қарастырылады. Компаративистикалық зерттеу әдісі қолдану арқылы біздің заманымызға дейін жеткен ырым-нанымдардың шығу себептері мен мәнін ашып көрсетеді. Өмір ыңғайына бейімделген жақсы тілектің, салттың түрі ретінде ырымдар тарихи естелік көрінісі, мәдениеттің өмір сұру шарты ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттің дамуына ықпал жасайтын негіз болғандығы анықталды. Абстрактіліктен нақтылыққа көшу әдісі жәмбыстың логикалық толықтығының, қарастырылған мәселелердің аяқталғандығының, автордың өз алдына қойған мақсатына жете білгендігінің негізі болып табылады.

Бұғінгі күнге қазақ ырымдарының ғасырлар көшінде әбден сана сүзгісінен өтіп, ешқандай күмән туғызбайтын, наным-сенімге әбден берік ұялаған түрлері ғана жеткендігін жоққа шығармайды. Ата-бабамыздың тіршілікте ұстанған позициясы, көзқарасы арман-аңсары да осы ырымдарында терең жасырынып жатқан тәрізді.

Е.Д. Ержанов диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық қағидалары мен қорытындыларын тікелей тақырыпқа сай Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3, SCOPUS мәліметтер базасына кіретін журналдағың бірінде 1 мақала жариялады.

«Қазақ ырымдары ұлттық мәдени код ретінде» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми-теориялық деңгейде және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған, Е.Д. Ержанов PhD докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Фылыми кеңесші,
Философия ғылымдарының кандидаты,
дінтану және мәдениеттану
кафедрасының аға оқытушысы

Ал-Фараби ойндағы Қаз/У Үйләмни кадрларды дарлау және аттестаттау басқармасының басшы

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Бар Кулинар
«до» о.п. 2024 ж./г.

M. F. T.

М.Б. Аликбаева



4.03.2024 ж.